Thinking of you
Electrolux



EKC6150AO

KK ПЕШ	ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛАРЫ	2
PL KUCHENKA	INSTRUKCJA OBSŁUGI	31

МАЗМҰНЫ

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ 3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ 4
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ 7
4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН 8
5. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ 8
6. ПЕШТІҢ ҮСТІ - ПАЙДАЛЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС 9
7. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ 10
8. ТҰМШАПЕШ- КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ 10
9. ТҰМШАПЕШ - ПАЙДАЛЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС 12
10. ТҰМШАПЕШ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ 24
11. НЕ ІСТЕРСІҢІЗ, ЕГЕР... 27
12. ОРНАТУ 28

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:

Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:
www.electrolux.com

Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.electrolux.com/productregistration

Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА КӨМЕК, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.
Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан табуға болады. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі

Ескерту / Абайлаңыз - Қауіпсіздік туралы маңызды мағлұмат.

Жалпы мағлұматтар менен кеңестер

Қорғаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

⚠ **Назарыңызда болсын!**
Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе мүгедек болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқан балалар және кемтар, сезім немесе ой-қабілетіне нұқсан келген адамдар немесе тәжірибесі немесе білімі аз адамдар, өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның бақылауында болса пайдалана алады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ол суып тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз. Қолжетімді бөлшектері ыстық болады.
- Егер құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны іске қосуды ұсынаыз.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Құрылғы мен оның қол жететін жердегі бөлшектері қолдану барысында ысып тұрады. Қыздырғыш элементтерін ұстамаңыз.
- Құрылғыны сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен басқармаңыз.
- Май немесе өсімдік майы қосылған тағамды пештің үстіне қараусыз қалдыру қауіпті және өрт шығуы мүмкін.

- Өртті ешқашан сумен сөндіруге әрекет жасамаңыз, бұндай жағдайда құрылғыны сөндіріп, содан кейін жалынды қақпақ немесе өрт басқыш көрпе тәрізді затпен жабыңыз.
- Пісіру алаңына зат сақтамаңыз.
- Құрылғыны бумен тазалайтын құралмен тазаламаңыз.
- Пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ тәрізді темір заттарды пештің үстіне қоймаңыз, себебі ысып кетеді.
- Шыны есікті тазалау үшін қатты жеміргіш заттарды немесе өткір темір құралдарды пайдаланбаңыз, себебі сызат түсіп, шыны шытынап кетуі мүмкін.
- Сақтау тартпасын ұстаған кезде абай болыңыз. Ысып тұрады.
- Сөре сырғытпаларын алу үшін әуелі сөре сырғытпасының алдыңғы жағын, содан кейін артқы жағын бүйірлік қабырғадан тартыңыз. Сөре сырғытпаларын әрекеттерді керісінше орындап салыңыз.
- Егер шыны керамика бетке сызат түссе, электр қатері пайда болмас үшін құрылғыны сөндіріңіз.
- Электр қатеріне ұшырамау үшін шамды ауыстырар алдында құрылғыны сөндіріп қойыңыз.
- Сөндіруге арналған құралдарды электр сымдарын тарту ережелеріне сай, тұрақты орнатылған сымға орнату керек.
- Егер қуат сымына зақым келген болса, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе уәкілетті техник немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.

2. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату

⚠ **Назарыңызда болсын!**
Бұл құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Әрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.
- Осы құрылғы мен басқа құрылғылардың, заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.

- Құрылғының үсті мен жан-жағын қоршаған конструкциялардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғының жан-жағын биіктігі осы құрылғының биіктігімен бірдей құрылғылармен жанастырып қою керек.
- Құрылғыны тағанға қоймаңыз.
- Құрылғыны есікке жақын жерге терезенің астына қоймаңыз. Бұл есік немесе терезе ашылған кезде ыстық ыдыс құрылғыдан құлап кетпеу үшін қажет.

Назарыңызда болсын!
Құрылғы аударылып кетпес үшін оны орнықты етіп орнататын құралдарды орнатыңыз. Орнату тарауын қараңыз.

Электртоғына қосу

Назарыңызда болсын!
Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Электртоғына қосу жұмыстарын білікті электрші ғана іске асыруға тиіс.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Зақым келген электр сымын ауыстырту үшін қызмет көрсету орталығына немесе электршіге хабарласыңыз.
- Электр сымдарын құрылғының есігіне, әсіресе ыстық тұрған есікке тигізуге болмайды.
- Тоққа қосулы тұрған және оқшаулағышы бар бөлшектердің электр қатерінен сақтандырғышын, саймансыз алынбайтын етіп бекітіп қою керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер розетка босап тұрса, оған ашаны сұқпаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Дұрыс оқшаулағыш құралдарды ғана қолданыңыз. желіні қорғайтын ажыратқыштар, сақтандырғыштар (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштар.
- Электр жүйесі құрылғыны кез келген полюсте ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құралмен жабықталуға тиіс. Оқшаулағыш құралдың контакт ара қашықтығы кем дегенде 3 мм болуға тиіс.

2.2 Қолданылуы

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу, күйіп қалу немесе электр тоғының қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Бұл тұрмыста қолдануға арналған құрылғы.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Желдеткіш саңылаулардың бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын тоқтан ажыратыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының ішкі жағы ысып кетеді. Құрылғының ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол тигізбеңіз. Керек-жарақтарды немесе ыдыстарды алып-салған кезде үнемі қолғап киіңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін ашқан кезде абай болыңыз. Ыстық ауа шығуы мүмкін.
- Құрылғыны су қолмен іске қоспаңыз немесе суға тиіп тұрған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Ашық тұрған құрылғы есігіне күш салмаңыз.
- Құрылғыны басқару үшін сыртқы таймерді немесе бөлек қашықтан басқару жүйесін қолданбаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін үнемі жабық ұстаңыз.
- Пісіру алаңдарына ас құралдарын немесе кәстрөлдердің қақпақтарын қоймаңыз. Қызып кетуі мүмкін.
- Пісіру алаңын пайдаланып болғаннан кейін "off" (сөндіру) қалпына қойыңыз.

- Құрылғыны жұмыс орны немесе зат сақтайтын орын ретінде қолданбаңыз.
- Құрылғының бетіне сызат түссе, дереу тоқ көзінен ағытыңыз. Бұл әрекет электр қатеріне ұшырап қалуға жол бермейді.

Назарыңызда болсын!
Өрт немесе жарылыс шығу қаупі бар.

- Тоңмайларды немесе майды қыздырған кезде тұтанғыш бу пайда болады. Тоңмайға немесе майға тамақ пісірген кезде қызған заттарды немесе оттың жалынын алыс ұстаңыз.
- Қатты қызған майдан бөлініп шығатын бу, кенет жарылыстың орын алуына себеп болады.
- Құрамында тағам қалдықтары бар қолданылған май, бірінші рет қолданылып отырған майға қарағанда, төмен температурада өрт пайда болуға әкелуі мүмкін.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Есікті ашқан кезде құрылғыға от жарқылын немесе ашық отты жақындатпаңыз.
- Құрылғының есігін абайлап ашыңыз. Алкоголь қосылған қоспаларды қолданғанда, ауа мен алкоголь қоспасы пайда болуы мүмкін.
- Өртті сумен сөндіруге әрекеттенбеңіз. Құрылғыны ажыратып, жалынды қақпақпен немесе көрпемен басыңыз.

Назарыңызда болсын!
Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Құрылғының эмаль қаптамасы бүлініп немесе өңі кетпес үшін:
  - Пештің ыдыстарын немесе басқа заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
  - Алюминий жұқалтырды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
  - суды ыстық құрылғыға тура қоймаңыз.
  - тамақ пісіріп болғаннан кейін дымқыл ыдыс пен тағамды құрылғының ішінде ұстамаңыз.
  - керек-жарақтарды алғанда немесе орнатқанда абай болыңыз.
- Құрылғының эмаль қаптамасының түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді. Бұл кепілдік заңына сәйкес қарастырылатын ақаулық емес.
- Сұйық қоспадан жасалатын тортты пісіру үшін шұңғыл табаны қолданыңыз. Жеміс шырындарынан кетпейтін дақ қалуы мүмкін.
- Басқару панеліне ыстық ыдыс қоймаңыз.
- Ыдысты ішіндегісі сарқылғанша қайнатпаңыз.
- Құрылғының үстіне зат немесе ыдыс құлап кетуге жол бермеңіз. Құрылғының бетіне зақым келуі мүмкін.
- Пісіру алаңдарын бос ыдыс қойып немесе ешбір ыдыс қоймай іске қоспаңыз.
- Құрылғының үстіне алюминий жұқалыр қоймаңыз.
- Құйылған шойын, алюминий немесе астына нұқсан келген ыдыстар шыны керамика бетке сызат түсіруі мүмкін. Бұндай заттарды құрылғының бетінде үнемі көтеріп жылжыту керек.

2.3 Күту менен тазалау

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу, өрт қаупі және құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.
- Құрылғының салқын тұрғанына көз жеткізіңіз. Шыны панелі сынып қалуы мүмкін.
- Есіктің шыныларына зақым келсе дереу ауыстырыңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының есігін алған кезде абай болыңыз. Есіктің салмағы ауыр!
- Құрылғының қаптамасының сапасы түспес үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз.
- Құрылғының ішінде қалған майдың немесе тағамның қалдығынан өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Тұмшапеш бүріккішін қолдансаңыз, оның орамында көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.
- Каталитті эмаль қаптаманы (егер бар болса) ешбір жуғыш затпен тазаламаңыз.

2.4 Ішкі жарық шамы

- Осы құрылғыда тұрмыстық құрылғыларға ғана арналған жарықтама шам немесе галоген шамы қолданылған. Оны бөлмені жарықтандыру үшін қолданбаңыз.

Назарыңызда болсын!
Электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Шамды ауыстырар алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.
- Техникалық параметрлері сай келетін шамдарды ғана қолданыңыз.


2.5 Құрылғыны тастау

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.


3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Жалпы көрінісі



1. Тұмшапеш функцияларының тетігі
2. Минут операторының тетігі
3. Температура тетігі
4. Температура индикаторы
5. Пеш үстінің тетіктері
6. Қыздырғыш элемент
7. Тұмшапештің шамы
8. Желдеткіш және қыздырғыш элемент
9. Сөре деңгейлері

3.2 Пісіру алаңдарының көрінісі



1. Пісіру алаңы 1200 Вт
2. Бу шығатын саңылау
3. Пісіру алаңы 700/1700 Вт
4. Пісіру алаңы 1200 Вт
5. Қалдық қызу индикаторы
6. Пісіру алаңы 2300 Вт

3.3 Керек-жарақтары

- **Тұмшапеш сөресі**

  Ыдыс, торт қалыптарын қою, тағам қуыруға арналған.
- **Аралас желдеткіш**

  Торттар мен печеньелерге арналған. Пісіру мен қуыруға немесе май жинайтын таба ретінде қолдануға арналған.
- **Зат сақтау суырмасы**

  Тұмшапештің астыңғы жағында зат сақтау суырмасы орналасқан.

4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

4.1 Алғашқы тазалау

- Керек-жарақтары мен алмалы сөре сырғытпаларының барлығын (егер бар болса) алыңыз.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында тазалаңыз.

"Күтіп ұстау және тазалау" тарауын қараңыз.

4.2 Алдын ала қыздыру

Май қалдықтарын жағып жіберу үшін бос құрылғыны алдын ала қыздырыңыз.

1. Функцияны және ең үлкен температураны орнатыңыз.
2. Құрылғыны бір сағат қосып қойыңыз.
3. Функцияны және ең үлкен температураны орнатыңыз.
4. Құрылғыны он минут қосып қойыңыз.
5. Функцияны және ең үлкен температураны орнатыңыз.
6. Құрылғыны он минут қосып қойыңыз.

Керек-жарақтар әдеттегіден ыстық болып кетуі мүмкін. Құрылғыдан иіс және түтін шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Ауаның жеткілікті түрде айналуын қамтамасыз етіңіз.

5. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

5.1 Қызу параметрі

Тетік	Функция
	Жылы ұстау
0	Off (сөндірулі) қалпы
1-9	Қыздыру параметрлері (1 - ең төмен қыздыру параметрі; 9 - ең жоғары қыздыру параметрі)

1. Тетікті қажетті қызу параметріне қойыңыз.
2. Тағам пісіруді тоқтату үшін тетікті **0** қалпына қойыңыз.

Қуат тұтынуды азайту үшін қалдық қызуды пайдаланыңыз. Пісіру алаңын тағам пісіруді аяқтауға шамамен 5-10 минут қалғанда сөндіріңіз.

5.2 Қос пісіру алаңын іске қосу

Сақтандыру туралы ескерту!
Қос пісіру алаңын іске қосу үшін тетікті сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Тетікті "тоқтату" қалпынан асыра бұрамаңыз.

1. Тетікті сағат тілінің бағытымен бұрап **9** қалпына қойыңыз.
2. Тетікті сырт еткен дыбыс естілгенше таңбасына қарай баяу бұраңыз.

   Екі пісіру алаңы іске қосылады.
3. Қажетті қызу параметрін орнату үшін, "Қызу параметрлері" тарауын қараңыз.

5.3 Қалдық қызу индикаторы

Пісіру алаңы ыстық тұрған кезде қалдық қызу индикаторы жанады.

Назарыңызда болсын!
Қалдық қызуға күйіп қалу қаупі бар.

5.4 Минут операторы

Минут операторы орнатылған уақыт кезеңінен кейін пісіру алаңдарын сөндіреді. Ең ұзақ орнатуға болатын уақыт: 120 минут.

Минут операторы орнатылмаса, пісіру алаңдары жұмыс істемейді.

1. Тетікті сағат тілінің бағытымен бұраңыз да, пеш үстінің жұмысына қажетті уақытты орнатыңыз.
2. Орнатылған уақыт өткенде, барлық пісіру алаңдарының электр қуаты сөнеді.
3. Егер пеш үстін ұзағырық пайдаланыңыз келсе, таймерді қайтадан орнатуыңыз керек.

6. ПЕШТІҢ ҮСТІ - ПАЙДАЛЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

6.1 Ыдыс-аяқ

- Ыдыстың түбі барынша қалың әрі мүмкіндігінше жайпақ болуға тиіс.
- Эмальмен қапталған теміpден және табаны алюминий немесе мыстан жасалған ыдыстар шыны керамика беттің түсін өзгертуі мүмкін.

6.2 Қуат үнемдеу

- Егер мүмкіндік болса, ыдысқа әрқашан қақпақ жабыңыз.

Қызу парам етрі	Пайдалану:	Уақыт	Ақыл-кеңес
1	Піскен тағамды жылы күйде ұстау	қажетін е орай	Ыдыстың қақпағын жабыңыз
1-2	Голланд тұздығы, балқытылған: сары май, шоколад, желатин	5-25 мин	Ара-тұра араластырыңыз
1-2	Қойылту: шайқалған омлет, піскен жұмыртқа	10-40 мин	Қақпағын жауып пісіру керек
2-3	Күріш және сүтке пісірілген тағамдарды, дайын тағамдарды жылыту	25-50 мин	Күріштен кем дегенде екі есе артық су қйыңыз, сүт тағамдарын арасында араластырыңыз
3-4	Буға піскен көкөніс, балық, ет	20-45 мин	Бірнеше ас қасық сұйықтық қосыңыз
4-5	Буға піскен картоптар	20-60 мин	750 г картопқа ең көбі ¼ л су пайдаланыңыз

- Пісіру алаңын ыдысты үстіне қойғаннан кейін ғана іске қосыңыз.
- Қалған жылуды пайдалану үшін пісіру алаңдарын пісіру уақыты аяқталмай тұрып өшіріңіз.
- Ыдыстың түбі мен пісіру алаңының көлемі бірдей болуға тиіс.

6.3 Тағам пісіру үлгілері

Кестедегі деректер жалпылама нұсқау ретінде ғана берілген.

Қызу парам етрі	Пайдалану:	Уақыт	Ақыл-кеңес
4-5	Көп мөлшердегі тағамдар, бұқтырылған тағамдар мен көже пісіру	60-150 мин	3 литрге дейін су және құраластар
6-7	Сәл қуыру: эскалоп, "кордон блё" бұзау еті, риссоль, котлет, шұжық, бауыр, майға қуырылған ұн, жұмыртқа, құймақ, бауырсақ	қажетін е орай	Орта тұсында аударыңыз
7-8	Қатты қуыру, қуырылған картоп, қоң ет, бифштекстер	5-15 мин	Орта тұсында аударыңыз
9	Көп мөлшердегі суды қайнату, макарон пісіру, етті қызартып қуыру (гуляш, бұқтырып пісіру), фри		

7. ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Құрылғыны әр пайдаланғаннан кейін тазалап отырыңыз.
Ыдысты қолданғанда табаны әрқашан таза болсын.

Шыны керамикаға түскен сызаттар немесе қошқыл дақтар құрылғының жұмысына ешқандай әсер етпейді.

Қоқысты тазалау үшін:

1. – **Дереу тазалаңыз:** балқыған пластмасса, пластик фольга және қант қосылған тағам. Дереу тазаламасаңыз, құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін. Шыныға арналған арнайы қырғышты қолданыңыз. Қырғышты шыны бетке сүйір бұрыш жасап қойып, ары-бері жылжыту арқылы тазалаңыз.
   – **Құрылғы жеткілікті түрде суыған кезде алыңыз:** әк дақтары, су дақтары, май дақтары, металдың жылтыраған дақтары. Шыны керамикаға немесе тоттанбайтын болатқа арналған арнайы тазартқыш құралдарды қолданыңыз.
2. Құрылғыны дымқыл шүберекпен, шамалы жуғыш зат қосып тазалаңыз.
3. Соңында **құрылғыны таза шүберекпен әбден құрғатыңыз.**

8. ТҰМШАПЕШ- КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

8.1 Желдеткіш

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, құрылғының беттерін салқын ұстау үшін желдеткіш автоматты түрде қосылады. Құрылғыны сөндірсеңіз, желдеткіш құрылғының ішіндегі температура салқындағанша жұмыс істеп тұра береді.

8.2 Құрылғыны іске қосу және сөндіру

1. Тұмшапеш функциясын таңдау үшін тұмшапеш функцияларының тетігін бұраңыз.
2. Температураны таңдау үшін температура тетігін бұраңыз.


   Температура индикаторы құрылғының ішіндегі температура жоғарылаған кезде жанады.

3. Құрылғыны сөндіру үшін тұмшапеш функцияларының тетігін және температура тетігін "Off" (сөндірулі) қалпына қойыңыз.


8.3 Тұмшапеш функциялары

Тұмшапеш функциясы		Қолдану
0	Off (сөндірулі) қалпы	Құрылғы сөндірулі.
	Ыстық желмен пісіру	Бірнеше сөрені пайдаланып, бірдй температурада пісірілетін тағамдарды иістерін бір-біріне сіңірмей қуыруға немесе пісіруге арналған. Тұмшапештің температурасын дәстүрлі жолмен пісіру температурасынан 20-40 °C төменірек қойыңыз.
	Дәстүрлі пісіру	Тұмшапештің бір деңгейінде пісіру және қуыру үшін. Үстіңгі және астыңғы қыздыру элементтері бір уақытта жұмыс істейді.
	Пицца параметрі	Пицца, киш немесе бәліш пісіруге арналған. Тұмшапештің температурасын дәстүрлі жолмен пісіру температурасынан 20-40 °C төменірек қойыңыз.
	Турбо гриль	Еттің үлкен кесектерін пісіруге арналған. Қақтау элементі мен тұмшапештің желдеткіші бірінен кейін бірі іске қосылып, тағамды айналдыра ыстық ауа жібереді.
	Жылдам гриль жасау	Жалпақ етіп дайындалған тағамдарды көп мөлшерде қақтауға арналған. Тост жасауға арналған. Бүтін қақтама элементі жұмыс істейді.
	Құрғату	Туралған жемістерді (мысалы, алма, қара өрік, шабдалы) және көкөністерді (мысалы, қызанақ, көді, саңырауқұлақ) кептіруге арналған.
	Жібіту	Мұздатылған тағамды жібітуге арналған.
	Тұмшапештің шамы	Тұмшапештің шамын пісіру функциясынсыз жарықтандыруға арналған.

8.4 Тұмшапештің керек-жарақтарын орнату



Шұңғыл таба мен тұмшапештің сөресінің жиектері бар. Бағыттағыш жолдардың жиектері мен пішімі ыдыстың сырғып кетуіне жол бермейтін арнайы құрал болып табылады.



Тұмшапештің сөресі мен шұңғыл табаны қатар орнату

Тұмшапеш сөресін шұңғыл табаның үстіне қойыңыз. Шұңғыл табаны тұмшапеш деңгейлерінің біріндегі бағыттағыш жолдарға келтіріп салыңыз.

9. ТҰМШАПЕШ - ПАЙДАЛЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Кестелердегі температура мен пісіру уақыттары тек нұсқау ретінде беріледі. Олар рецептерге, олардың құрамының сапасы мен мөлшеріне байланысты болады.

Сақтандыру туралы ескерту!
Өте сулы қоспадан жасалған тортты пісіру үшін шұңғыл табақты қолданыңыз. Жемістің шырыны эмаль қаптамаға кетпейтін дақ қалдыруы мүмкін.

9.1 Пісіру

Жалпы нұсқаулар

- Жаңа тұмшапешіңіз бұрынғы құрылғыларыңызға қарағанда басқаша пісіруі немесе қуыруы мүмкін. Әдетте қолданатын параметрлеріңізді (температура, пісіру уақыттары) және сөре деңгейлерін кестедегі мәндерге сай келтіріңіз.
- Пісіру уақыты ұзақ болса, қалдық қызуды пайдалану үшін тұмшапеш пісірудің соңына дейін шамамен 10 минут уақыт қалғанда сөнуі мүмкін.

Мұздатылған тағамды пісірген кезде, пештің табақтары майысып қалуы мүмкін. Табақтар суыған кезде майысқаны қалпына келеді.

Пісіру кестелерін қалай қолдану керек

- Бірінші рет қолданған кезде төменірек температураны пайдалануға кеңес береміз.
- Арнайы рецептіге сай келетін параметрлерді таба алмасаңыз, соған ұқсас параметрлерді іздеңіз.
- Бірнеше деңгейге қойылған торттарды пісірген кезде пісіру уақыттары 10-15 минутқа созылуы мүмкін.
- Кекстер мен пісірілген нандар басында әр түрлі биіктікте бірдей қызармауы мүмкін. Бұл жағдай орын алса, температура параметрін өзгертпеңіз. Айырмашылықтар пісіру барысында бір деңгейге келеді.

9.2 Пісіруге қатысты кеңестер

Пісіру нәтижелері	Ықтимал себебі	Шешімі
Торттың асты жеткілікті түрде қызармайды.	Сөренің деңгейі дұрыс таңдалмаған.	Тортты төменірек қойыңыз.
Торт басылып қалды (шикі, жентектелген, құрылымы біркелкі емес).	Тұмшапештің температурасы тым жоғары.	Келесі жолы сәл төменірек тұмшапеш температурасына қойып пісіріңіз.

Пісіру нәтижелері	Ықтимал себебі	Шешімі
Торт басылып қалды (шикі, жентектелген, құрылымы біркелкі емес).	Пісіру уақыты тым қысқа.	Ұзағырақ пісіру уақытын орнатыңыз. **Жоғарырақ температураны орнату арқылы пісіру уақытын қысқарту мүмкін емес.**
Торт басылып қалды (шикі, жентектелген, құрылымы біркелкі емес).	Қоспаға тым көп сұйықтық қосылған.	Сұйықтықты аз қосыңыз. Әсіресе араластырғыш машинаны қолданған кезде араластыру уақытына назар аударыңыз.
Торт тым кебір.	Тұмшапештің температурасы өте төмен.	Келесі жолы сәл жоғарырақ тұмшапеш температурасына қойып пісіріңіз.
Торт тым кебір.	Пісіру уақыты тым ұзақ.	Келесі жолы пісіру уақытын сәл қысқартыңыз.
Торт біркелкі қызармайды.	Тұмшапештің температурасы өте жоғары және пісіру уақыты тым қысқа.	Тұмшапештің температурасын төмендетіп, пісіру уақытын ұзартыңыз.
Торт біркелкі қызармайды.	Қоспа біркелкі таратылмаған.	Қоспаны пісірме науасына біркелкі таратып салыңыз.
Торт көрсетілген уақытта пісіп үлгермейді.	Тұмшапештің температурасы өте төмен.	Келесі жолы сәл жоғары тұмшапеш температурасына қойып пісіріңіз.

9.3 Ыстық желдеткіш

Тұмшапештің бір деңгейінде пісіру

Қалбырда пісіру

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Дөңгелек кекс немесе тоқаш	2	150 - 160	50 - 70
Мадейра торты/ жеміс-жидек торты	1 - 2	140 - 160	50 - 90
Fatless sponge cake	3	150 - 160 1)	25 - 40
Жидек салынған ашық бәліш - үгілмелі пирожный	2	170-180 1)	10 - 25
Жидек салынған ашық бәліш - бисквит қоспа	2	150 - 170	20 - 25

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Apple pie (2қалбыр, Ø20см, көлденең)	2 - 3	160	60 - 90

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Пісірме табаларға қойылған торттар/кондитер өнімдері/нандар

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Бетіне үкпе себілген торт (құрғақ)	3	150 - 160	20 - 40
Жемісті ашық бәліштер (ашыған қамырдан/бисквит қоспадан жасалған) 1)	3	150	35 - 55
Үгілме қамырдан жасалған жемісті ашық бәліштер	3	160 - 170	40 - 80

1) Шұңғыл табаны қолданыңыз

Печеньелер

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Үгілме қамыр негізіндегі бисквиттер	3	150 - 160	10 - 20
Short bread / Pastry Stripes	3	140	20 - 35
Бисквит қоспадан жасалған бисквиттер	3	150 - 160	15 - 20
Жұмыртқаның ағын қосып жасалған пирожныйлар, меренгалар	3	80 - 100	120 - 150
Бадам печеньесі	3	100 - 120	30 - 50
Ашыған қамыр қосып жасалған бисквиттер	3	150 - 160	20 - 40
Қабат-қабат қамырдан жасалған кондитерлік өнімдер	3	170 - 180 1)	20 - 30
Тоқаштар	3	160 1)	10 - 35
Small cakes (бір науада 20)	3	150 1)	20 - 35

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Пісірмелер және гратиндер кестесі

Тағам	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Үстінен балқытылған ірімшік салған багета	1	160 - 170 1)	15 - 30
Толтырма салынған көкөніс	1	160 - 170	30- 60

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Көп деңгейде пісіру

Пісірме табаларға қойылған торттар/кондитер өнімдері/нандар

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
	2 деңгей		
Кремді бөліш/эклер	2/4	160 - 180 1)	25 - 45
Құрғақ штрудель	2/4	150 - 160	30 - 45

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Печенье/small cakes/кондитер өнімдері/булочка

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
	2 деңгей		
Үгілме қамыр негізіндегі бисквиттер	2/4	150 - 160	20 - 40
Шала ашыған қамыр наны/тәтті таспалар	2/4	140	25 - 45
Бисквит қоспадан жасалған бисквиттер	2/4	160 - 170	25 - 40
Жұмыртқаның ағы қосылған бисквиттер, меренгалар	2/4	80 - 100	130 - 170
Бадам печеньесі	2/4	100 - 120	40 - 80
Ашыған қамыр қосып жасалған бисквиттер	2/4	160 - 170	30 - 60
Қабат-қабат қамырдан жасалған кондитерлік өнімдер	2/4	170 - 180 1)	30 - 50
Тоқаштар	2/4	180 1)	25- 40
Small cakes (бір науада 20)	2/4	150 1)	20 - 40

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

9.4 Бір деңгейде Дәстүрлі тәсілмен пісіру

Қалбырда пісіру

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Дөңгелек кекс немесе тоқаш	2	160 - 180	50 - 70
Мадейра торты/ жеміс-жидек торты	1 - 2	150 - 170	50 - 90
Fatless sponge cake	3	170 1)	25 - 40
Жидек салынған ашық бәліш - үгілмелі пирожный	2	190 - 210 1)	10 - 25
Жидек салынған ашық бәліш - бисквит қоспа	2	170 - 190	20 - 25
Apple pie (2қалбыр, Ø20см, көлденең)	1 - 2	180	60 - 90
Хош иісті жеміс бәліші (мысалы, киш лорен)	1	180 - 220	35- 60
Чизкейк	1 - 2	160 - 180	60 - 90

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Пісірме табаларға қойылған торттар/кондитер өнімдері/нандар

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Өрілген нан/нан қыртысы	2	170 - 190	40 - 50
Рождество торты	2	160 - 180 1)	50 - 70
Нан (қара бидай наны): 1. Пісірудің алғашқы кезеңі. 2. Пісірудің екінші кезеңі.	1 - 2	1. 230 1) 2. 160 - 180 1)	1. 20 2. 30 - 60
Кремді бәліш/эклер	3	190 - 210 1)	20 - 35
Швейцария орамасы	3	180 - 200 1)	10 - 20
Бетіне үкпе себілген торт (құрғақ)	3	160 - 180	20 - 40
Май жағылған бадам торты/қантты пирожныйлар	3	190 - 210 1)	20 - 30

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Жемісті ашық бәліштер (ашыған қамырдан/бисквит қоспадан жасалған)2)	3	170	35 - 55
Үгілме қамырдан жасалған жемісті ашық бәліштер	3	170 - 190	40 - 60
Нәзік қоспалары бар ашыған қамыр торты (мысалы, кварк, крем, қайнатпа кремі бар)	3	160 - 180 1)	40 - 80
Пицца (толтырмасы көп) 2)	1 - 2	190 - 210 1)	30 - 50
Пицца (қыртысы жұқа)	1 - 2	220 - 250 1)	15 - 25
Ашытқысыз нан	1	230 - 250	10 - 15
Бәліштер (CH)	1	210 - 230	35 - 50

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

2) Шұңғыл табаны қолданыңыз

Печеньелер

Пісіру түрі	Сөрелердің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Үгілме қамыр негізіндегі бисквиттер	3	170 - 190	10 - 20
Short bread/ Pastry Stripes	3	160 1)	20 - 35
Ашыған қамыр қосып жасалған бисквиттер	3	170 - 190	20 - 30
Жұмыртқаның ағын қосып жасалған пирожныйлар, меренгалар	3	80 - 100	120- 150
Бадам печеньесі	3	120 - 130	30 - 60
Ашыған қамыр қосып жасалған бисквиттер	3	170 - 190	20 - 40
Қабат-қабат қамырдан жасалған кондитерлік өнімдер	3	190 - 210 1)	20 - 30

Пісіру түрі	Сөрелердің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Тоқаштар	3	190 - 210 1)	10 - 55
Small cakes (бір науада 20)	3 - 4	170 1)	20 - 30

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Пісірмелер және гратиндер кестесі

Тағам	Сөрелердің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Макарон пісірмесі	1	180 - 200	45 - 60
Лазанья	1	180 - 200	35 - 50
Көкөніс гратині	1	180 - 200 1)	15 - 30
Үстінен балқытылған ірімшік салған багета	1	200 - 220 1)	15 - 30
Торт өнімдері	1	180 - 200	40 - 60
Балық пісірмелері	1	180 - 200	40 - 60
Толтырма салынған көкөніс	1	180 - 200	40 - 60

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

9.5 Пицца параметрі

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Пицца (қыртысы жұқа) 1)	1 - 2	200 - 230 2)	10 - 20
Пицца (толтырмасы көп) 1)	1 - 2	180 - 200	20 - 35
Бәліштер	1 - 2	170 - 200	35 - 55
Шпинат бәліші	1 - 2	160 - 180	45 - 60
Киш лорен (қышқыл флан)	1 - 2	170 - 190	45 - 55
Швейцария бәліші	1 - 2	170 - 200	35 - 55
Чизкейк	1 - 2	140 - 160	60 - 90
Алма кексі, жабық	1 - 2	150 - 170	50 - 60
Көкөніс бәліші	1 - 2	160 - 180	50 - 60
Ашытқысыз нан	2 - 3	230 - 250 2)	10 - 20
Қатпарлы қамырдан жасалған бәліш	2 - 3	160 - 180 2)	45 - 55

Пісіру түрі	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Фламмакучен	2 - 3	230 - 250 2)	12 - 20
Пирог (ірімшік пен сан етнен жасалған бәліштің орысша нұсқасы)	2 - 3	180 - 200 2)	15 - 25

1) Шұңғыл табаны қолданыңыз

2) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

9.6 Қуыру

Тағам қуыру

- Қуыру үшін отқа төзімді ыдысты пайдаланыңыз (өндірушінің нұсқауларын қараңыз).
- Еттің үлкен кесектерін қуыруға арналған шұңғыл табада немесе оның үстіндегі сөреде (бар болса) тікелей қуыруға болады.
- Қара кесек етті қақпағы бар пеш табақта қуырыңыз. Бұл еттің сөлін барынша сақтауға көмектеседі.
- Қызартып қуыруға болатын немесе қабарып піскен еттің барлық түрлерін қақпағы жоқ пеш табақта қуыруға болады.

9.7 Дәстүрлі пісіру функциясымен қуыру

Сиыр еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Кеседе қуыру	1-1.5 кг	1	200 - 230	105 - 150
Қуырылған сиыр еті немесе қоң еті: шала піскен	әрбір см қалыңдығы үшін	1	230 - 250 1)	6 - 8
Қуырылған сиыр еті немесе қоң еті: орташа	әрбір см қалыңдығы үшін	1	220 - 230	8 - 10
Қуырылған сиыр еті немесе қоң еті: жақсы піскен	әрбір см қалыңдығы үшін	1	200 - 220	10 - 12

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Шошқа еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қол омыртқа, мойын омыртқа, сан еті	1-1.5 кг	1	210 - 220	90 - 120
Жаншылған ет, қабырға	1-1.5 кг	1	180 - 190	60 - 90
Кесек ет	750 г-1 кг	1	170 - 190	50 - 60

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Шошқа сирағы (алдын ала пісірілген)	750 г-1 кг	1	200 - 220	90 - 120

Бұзау еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қуырылған бұзау еті 1)	1 кг	1	210 - 220	90 - 120
Бұзау сирағы	1.5-2 кг	1	200 - 220	150 - 180

1) жабық қуыру табағын қолданыңыз

Қой еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қойдың саны, қуырылған қой еті	1- 1.5 кг	1	210 - 220	90 - 120
Қозы белдемесі	1- 1.5 кг	1	210 - 220	40 - 60

Аң еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қоянның жамбасы, қоянның сан еті	1 кг-ға дейін	1	220 - 240 1)	30 - 40
Маралдың белдемесі	1.5-2 кг	1	210 - 220	35 - 40
Маралдың сан еті	1.5-2 кг	1	200 - 210	90 - 120

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Құс еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Құстың кесек еті	әрқайсысы 200 - 250 г	1	220 - 250	20 - 40
Тауықтың жарты еті	әрқайсысы 400 - 500 г	1	220 - 250	35 - 50
Тауық еті, пулярка	1-1.5 кг	1	220 - 250	50 - 70
Үйрек еті	1.5-2 кг	1	210 - 220	80 - 100

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қаз еті	3.5-5 кг	1	200 - 210	150 - 180
Күркетауық еті	2.5-3.5 кг	1	200 - 210	120 - 180
Күркетауық еті	4-6 кг	1	180 - 200	180 - 240

Балық

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Тұтас балық еті	1-1.5 кг	1	210 - 220	40 - 70

9.8 Турбо гриль функциясымен қуыру

Сиыр еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қуырылған сиыр еті немесе қоң еті: шала піскен	әрбір см қалыңдығы үшін	1	190 - 200 1)	5 - 6
Қуырылған сиыр еті немесе қоң еті: орташа	әрбір см қалыңдығы үшін	1	180 - 190	6 - 8
Қуырылған сиыр еті немесе қоң еті: жақсы піскен	әрбір см қалыңдығы үшін	1	170 - 180	8 - 10

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

Шошқа еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қол омыртқа, мойын омыртқа, сан еті	1-1.5 кг	1	160 - 180	90 - 120
Жаншылған ет, қабырға	1-1.5 кг	1	170 - 180	60 - 90
Кесек ет	750 г-1 кг	1	160 - 170	50 - 60
Шошқа сирағы (алдын ала пісірілген)	750 г-1 кг	1	150 - 170	90 - 120

Бұзау еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қуырылған бұзау еті	1 кг	1	160 - 180	90 - 120
Бұзау сирағы	1.5-2 кг	1	160 - 180	120 - 150

Қой еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Қойдың саны, қуырылған қой еті	1-1.5 кг	1	150 - 170	100 - 120
Қозы белдемесі	1-1.5 кг	1	160 - 180	40 - 60

Құс еті

Еттің түрі	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Уақыт, мин.
Құстың кесек еті	әрқайсысы 200 - 250 г	1	200 - 220	30 - 50
Тауықтың жарты еті	әрқайсысы 400 - 500 г	1	190 - 210	35 - 50
Тауық еті, пулярка	1-1.5 кг	1	190 - 210	50 - 70
Үйрек еті	1.5-2 кг	1	180 - 200	80 - 100
Қаз еті	3.5-5 кг	1	160 - 180	120 - 180
Күркетауық еті	2.5-3.5 кг	1	160 - 180	120 - 150
Күркетауық еті	4-6 кг	1	140 - 160	150 - 240

9.9 Гриль жасау


Грильге пісіру үшін әрқашан ең үлкен температураны қолданыңыз

Тағамды грильге пісіргенде әрқашан пештің есігін жабыңыз

Гриль функцияларын іске қосып, тұмшапешті алдын ала 5 минут қыздырып алыңыз.

- Сөренді гриль кестесінде ұсынылған сөре деңгейіне орналастырыңыз.
- Аққан майды жинап алу үшін бірінші сөре деңгейіне табақ қойыңыз.
- Грильге тек жайпақ етті немесе балықты ғана қуырыңыз.

Гриль жасайтын аумақ сөренің ортасында орналасқан



Гриль жасау

Гриль жасалатын тағам түрлері	Сөренің орналасуы	Температура °C	Гриль жасау уақыты, мин.	
			1-ші жағы	2-ші жағы
Burgers	4	ең көбі 1)	9 - 15	8 - 13
Шошқа филесі	4	ең көбі	10 - 12	6 - 10
Шұжықтар	4	ең көбі	10 - 12	6 - 8
Филеден жасалған стейк, бұзау етінен жасалған стейк	4	ең көбі	7 - 10	6 - 8
Қыздырылған нан	4 - 5	ең көбі 1)	1 - 4	1 - 4
Үстінде қоспалары бар қыздырылған нан	4	ең көбі	6 - 8	-

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз

9.10 Кептіру

Пеш сөрелерін пергамент қағазбен жабыңыз. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін: қажетті уақыттың жартысы өткен кезде құрылғыны сөндіріңіз. Құрылғының есігін ашып, суытыңыз. Содан кейін кептіруді аяқтаңыз.

Көкөністер

Кептірілетін тағам	Сөренің орналасуы		Температура °C	Уақыт, сағ. (нұсқаулар)
	1 деңгей	2 деңгей		
Бұршақ	3	2/4	60 - 70	6 - 8
Бұрыш	3	2/4	60 - 70	5 - 6
Тұздықталатын көкөніс	3	2/4	60 - 70	5 - 6
Саңырауқұлақ	3	2/4	50 - 60	6 - 8
Шөптер	3	2/4	40 - 50	2 - 3

Жеміс-жидек

Кептірілетін тағам	Сөренің орналасуы		Температура °C	Уақыт, сағ. (нұсқаулар)
	1 деңгей	2 деңгей		
Қара өрік	3	2/4	60 - 70	8 - 10
Сары өрік	3	2/4	60 - 70	8 - 10
Алма тілімдері	3	2/4	60 - 70	6 - 8
Алмұрт	3	2/4	60 - 70	6 - 9

9.11 Жібіту

Тағамның орамын алыңыз. Тағамды табаққа қойыңыз.
Бетін шарамен немесе тәрелкемен жаппаңыз. Себебі жібіту уақыты ұзаққа созылуы мүмкін.

Тұмшапештің бірінші сөре қойылатын деңгейін қолданыңыз. Астыңғы жағында орналасқан.

Тағам	Жібіту уақыты, мин.	Қосымша жібіту уақыты, мин.	Түсіндірме
Тауық еті, 1000 г	100 - 140	20 - 30	Тауық етін үлкен тәрелкеге төңкерілген табақшаның үстіне қойыңыз. Жібітудің орта тұсында аударыңыз
Ет, 1000 г	100 - 140	20 - 30	Орта тұсында аударыңыз
Ет, 500 г	90 - 120	20 - 30	Орта тұсында аударыңыз
Бақтақ, 150 г	25 - 35	10 - 15	-
Құлпынай, 300 г	30 - 40	10 - 20	-
Сары май, 250 г	30 - 40	10 - 15	-
Кілегей, 2 x 200 г	80 - 100	10 - 15	Кілегейдің кейбір жерлері сәл тоңазыса да, оны шайқауға болады
Печенье, 1400 г	60	60	-

10. ТҰМШАПЕШ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.


- Құрылғының алдыңғы жағын жуғыш сұйық қосылған жылы суға батырылған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Металл беттерді әдетте қолданылатын жуғыш заттармен тазалаңыз
- Тұмшапештің ішін әр пайдаланып болған сайын тазалап отырыңыз. Осылайша ластықты оңай тазалайсыз, әрі күйіп кетуіне жол бермейсіз.
- Оңай тазаланбайтын қалдықтарды арнайы пеш тазалағыштармен тазалаңыз.
- Тұмшапештің керек-жарақтарын әр қолданып болған сайын тазалап, құрғатып отырыңыз. Шүберекті, жылы су мен жуғыш затты пайдаланыңыз.
- Тұмшапештің керек-жарағына ластық тұрмайтын болса, жеміргіш затпен, өткір қырлы құралмен тазаламаңыз немесе ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Бұл оның ластық тұрмайтын қаптамасын бүлдіреді.

Тот баспайтын болаттан не алюминийден жасалған құрылғылар
Тұмшапештің есігін дымқыл жөкемен ғана тазалаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.
Темір жүн, қышқыл немесе түрпілі материалдарды қолданбаңыз, себебі бұндай заттар тұмшапештің бетіне нұқсан келтіруі мүмкін. Тұмшапештің басқару панелін де осы сақтық шараларын орындап тазалаңыз.


10.1 Сөре сырғытпалары

Қабырғаларды тазалау үшін сырғытпа жолдарды алып қоюға болады.

Сөре сырғытпаларын алу



1. Сөре сырғытпасының алдыңғы жағын қабырғадан тартып шығарыңыз.



2. Сырғытпа жолдардың артқы жақтарын қабырғадан ағытып алыңыз.

Сөре сырғытпаларын салу

Сөре сырғытпаларын көрсетілген әрекеттерді кері ретпен орындап салыңыз.

Жарамды сөре сырғытпалары:
Сырғытпа сөрелеріндегі білікшелер алға қарап тұруға тиіс!

Сақтандыру туралы ескерту!
Ұзынырақ бекіткіш сымды алдыңғы жағына келтіріп салыңыз. Екі сымның ұштары артқа қарап тұруға тиіс. Дұрыс орнатпаған жағдайда эмальға зақым келуі мүмкін.


Назарыңызда болсын!
Шыны есікті тазаламас бұрын, шыны панельдердің салқын болуын тексеріңіз. Шыны панель сынып қалуы мүмкін.

Назарыңызда болсын!
Есіктің шыны қабаттары зақымданса немесе оларға сызат түссе, осал болуы және сынып кетуі мүмкін. Бұндай жағдайдың алдын алу үшін оларды ауыстыру қажет. Қосымша нұсқауларды жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласып алыңыз.

10.2 Тұмшапештің есігін тазалау

Тазалау жұмысын жеңілдету үшін есікті алыңыз.

Есікті алу:



1. Есікті шегіне дейін ашыңыз.
2. Сырғыманы сырт еткен дыбыс шыққанша жылжытыңыз.
3. Есікті сырғыма бекітілгенше жабыңыз.
4. Есікті алыңыз.


Есікті алу үшін алдымен бір жағынан сыртқа қарай тартып, содан кейін екінші жағын тартыңыз.

Тазалап болғаннан кейін есікті алу әрекетін керісінше орындап орнына салыңыз. Есікті салған кезде сырт еткен дыбыс естілгеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, күшпен жабыңыз.


10.3 Тұмшапештің шыны панельдері

Өнімнің есігіндегі шынының түсі мен пішімі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Шынылардың саны да басқа болуы мүмкін.

Есіктің шыны панельдерін алу және тазалау



1. Есік жақтаушасының (B) жоғарғы жағын қос қолмен екі жағынан ұстаңыз да, ысырманы босату үшін ішке қарай басыңыз.



2. Есікті босату үшін оның жақтаушасын алға қарай тартыңыз.
3. Есіктің шыны панельдерін бағыттағыштан шығару үшін үстіңгі жағынан ұстап, бір-бірден жоғары тартып шығарыңыз.
4. Есіктің шыны панельдерін тазалаңыз.

Панельдерді салу үшін жоғарыда көрсетілген әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.

Сақтандыру туралы ескерту!
Алмалы шыны панельдердің бір жақ бетінде таңбасы бар. Осы таңбаның үстіңгі сол жақ бұрышта болуын қамтамасыз етіңіз.

10.4 Тұмшапештің шамы

Назарыңызда болсын!
Тұмшапештің шамын ауыстырар кезде абай болыңыз. Электр тоғы соғу қаупі бар.

Тұмшапештің шамын ауыстырар алдында:

- Тұмшапешті сөндіріңіз.
- Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғыштарды алыңыз немесе айырып-қосқышты ажыратыңыз.

Тұмшапештің шамы мен шыны қақпағын қорғау үшін тұмшапештің табанына шүберек төсеңіз.

Пештің шамын ауыстыру

1. Шамның қақпағын пештің арт жағынан таба аласыз.


   Шамның қақпағын алу үшін сағат бағытына қарсы бұраңыз.
2. Шыны қақпақты тазалаңыз.
3. Тұмшапеш шамын 300°C қызуға төзімді тұмшапеш шамына ауыстырыңыз.

   Тұмшапештің шамындай шамды қолданыңыз.
4. Шыны қақпақты орнатыңыз.

10.5 Тартпаны алу

Тұмшапештің астындағы тартпаны оңай тазалау үшін алуға болады.

1. Тартпаны тоқтағанша бері қарай тартыңыз.



2. Тартпаны сәл жоғары көтеріп тартпаның сырғытпа жолдарынан алыңыз.

Тартпаны орнына салу

1. Тартпаны сырғытпа жолдарға қойыңыз. Шеттерінің сырғытпа жолдарға дұрыс салынғанына қол жеткізіңіз.
2. Тартпаны көлбеу түсіріңіз де, ішке қарай итеріңіз.

Назарыңызда болсын!
Тұмшапеш жұмыс істеп тұрғанда, тартпаның іші қызып кетуі мүмкін. Тұтанғыш заттарды тартпаға салып сақтамаңыз (мысалы, тазартқыш заттар, пластик қапшықтар, пеш қолғабы, қағаз, бүріккіштер т.с.с.).

11. НЕ ІСТЕРСІҢІЗ, ЕГЕР...

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Қалдық жылу индикаторы жанбайды	Пісіру алаңы ыстық емес, себебі аз уақытқа ғана қосылған	Егер пісіру алаңы ыстық болуы қажет болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз
Құрылғы жұмыс істемей тұр	Сақтандырғыш блогындағы сақтандырғыш босап кеткен	Сақтандырғышты тексеріңіз. Сақтандырғыш бірнеше рет ағытылып қалса, білікті электрші маманға хабарласыңыз.
Тұмшапеш қызбай тұр	Тұмшапеш тоққа қосылмаған	Тұмшапешті тоққа қосыңыз

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Тұмшапеш қызбай тұр	Қажетті параметрлер орнатылмаған	Параметрлерді қадағалаңыз
Тұмшапештің шамы жанбай тұр	Тұмшапештің шамында ақау бар	Тұмшапештің шамын ауыстырыңыз
Бу мен конденсат тағамның үстіне және тұмшапештің ішіне жиналады	Тағам тұмшапеш ішінде ұзақ уақыт қалып қойған	Тағамды пісіріп болғаннан кейін тұмшапеш ішінде 15-20 минуттан артық қалдырмаңыз

Ақаулықты түзету шешімін өзіңіз таба алмасаңыз, дилеріңізге не қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Қызмет көрсету орталығына қажетті ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген. Техникалық ақпарат тақтайшасы пеш корпусының алдыңғы жақтауында орналасқан.

Оларды мына жерге жазып қоюды ұсынамыз:

Үлгі (MOD.) .....

Өнім нөмірі (PNC) .....

Сериялық нөмірі (S.N.) .....


12. ОРНАТУ

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Өлшемдері	
Биіктігі	847 - 867 мм
Ені	596 мм
Тереңдігі	600 мм
Тұмшапештің сыйымдылығы	74 л
Кернеу	230 В
Жиілік	50 Гц

12.1 Құрылғы орнатылатын жер

Жеке тұратын бұл құрылғыңыздың бір жағын немесе екі жағын ас үй жиһазына тақатып, не бұрышқа қоюыңызға болады.




Мин. қашықтық

Өлшемдері	мм
A	2
B	685

12.2 Деңгейін келтіру

Құрылғының деңгейін басқа құрылғылармен дәлдеу үшін құрылғының астындағы кішкене тіректерді қолданыңыз.



12.3 Аударылып кетуден қорғау

Сақтандыру туралы ескерту!
Аударылып кетуден қорғайтын құралды орнату керек. Егер орнатпасаңыз құрылғы аударылып кетуі мүмкін.
Құрылғының суретте көрсетілген белгісі (егер бар болса) аударылып кетуден қорғайтын құралды орнату қажет екенін ескертеді.




Аударылып кетуден қорғайтын құралды дұрыс биіктікке орнатыңыз.

1. Аударылып кетуден қорғайтын құралды орнатпай тұрып құрылғыны дұрыс жерге биіктігін реттеп орнатыңыз.
2. Аударылып кетуден қорғайтын құралды құрылғының үстіңгі бетінен 77 мм, сол жағынан 49 мм төмен жерге, қапсырмадағы дөңгелек саңылауға (суретке қараңыз) салып орнатыңыз. Оны қатты материалға бұрап немесе тиісті күшейткішті (қабырға) қолданып орнатыңыз.
3. Тесікті құрылғының артқы сол жағынан таба аласыз (суретке қараңыз).

   Құрылғының алдыңғы жағын көтеріп (1), ас үй қаптамасының ортасындағы орынға (2) салыңыз. Ас үй қаптамасының ортасындағы орын құрылғының енінен кеңірек болса, құрылғыны ортаға қою үшін екі жағынан қалатын орындарды реттеу керек.

   Құрылғының артқы жағына келетін қаптама бетінің майда болуын қамтамасыз етіңіз.



12.4 Электр қосылымы

Егер "Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауындағы сақтық шараларын орындамасыз, өндіруші жауапкершілік көтермейді.

Бұл құрылғымен аша және қорек сымы бірге жеткізілмейді.
Құрылғы кабелінің түрлері: H07 RN-F, H05 RN-F, H05 RRF, H05 VV-F, H05 V2V2-F (T90), H05 BB-F.

13. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Белгі  салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиян келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі  салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

SPIS TREŚCI

1. INFORMACJE DOTYCZĄCE BEZPIECZEŃSTWA 32
2. WSKAZÓWKI DOTYCZĄCE BEZPIECZEŃSTWA 33
3. OPIS URZĄDZENIA 36
4. PRZED PIERWSZYM UŻYCIEM 37
5. PŁYTA GRZEJNA – CODZIENNA EKSPLOATACJA 38
6. PŁYTA GRZEJNA – PRZYDATNE RADY I WSKAZÓWKI 38
7. PŁYTA GRZEJNA – KONSERWACJA I CZYSZCZENIE 39
8. PIEKARNIK – CODZIENNA EKSPLOATACJA 40
9. PIEKARNIK – PRZYDATNE RADY I WSKAZÓWKI 41
10. PIEKARNIK – KONSERWACJA I CZYSZCZENIE 53
11. CO ZROBIĆ, GDY... 56
12. INSTALACJA 57

Z MYŚLĄ O TOBIE

Dziękujemy za zakup urządzenia Electrolux. Jest ono owocem dziesięcioleci doświadczeń i innowacji. To pomysłowe i stylowe urządzenie zaprojektowano z myślą o Tobie. Użytkując je masz zawsze pewność uzyskania wspaniałych efektów.

Witamy w świecie marki Electrolux!

Odwiedź naszą witrynę internetową, aby uzyskać:



Wskazówki dotyczące użytkowania, broszury, pomoc w rozwiązywaniu problemów oraz informacje dotyczące serwisu:
www.electrolux.com



Zarejestruj swój produkt, aby uprościć jego obsługę serwisową:
www.electrolux.com/productregistration



Kupuj akcesoria, materiały eksploatacyjne i oryginalne części zamienne do swojego urządzenia:
www.electrolux.com/shop

OBSŁUGA KLIENTA

Zalecamy stosowanie oryginalnych części zamiennych.
Kontaktując się z serwisem, należy przygotować poniższe dane.
Informacje można znaleźć na tabliczce znamionowej. Model, numer produktu, numer seryjny.

 Ostrzeżenie/przestroga – informacje dotyczące bezpieczeństwa.

 Informacje i wskazówki ogólne

 Informacje dot. ochrony środowiska

Producent zastrzega sobie możliwość wprowadzenia zmian bez wcześniejszego powiadomienia.

1. INFORMACJE DOTYCZĄCE BEZPIECZEŃSTWA

Przed instalacją i rozpoczęciem eksploatacji urządzenia należy dokładnie przeczytać dołączoną instrukcję obsługi. Producent nie odpowiada za uszkodzenia i obrażenia ciała spowodowane nieprawidłową instalacją i eksploatacją. Należy zachować instrukcję wraz z urządzeniem do wykorzystania w przyszłości.

1.1 Bezpieczeństwo dzieci i osób o ograniczonych zdolnościach ruchowych, sensorycznych lub umysłowych

OSTRZEŻENIE!
Występuje zagrożenie uduszeniem lub odniesieniem obrażeń mogących skutkować trwałym kalectwem.

- Urządzenie mogą obsługiwać dzieci po ukończeniu ósmego roku życia oraz osoby o ograniczonych zdolnościach fizycznych, sensorycznych lub umysłowych bądź nieposiadające odpowiedniej wiedzy i doświadczenia, jeśli będą one nadzorowane przez dorosłą osobę lub osobę odpowiedzialną za ich bezpieczeństwo.
- Nie należy pozwalać, aby dzieci bawiły się urządzeniem.
- Wszystkie opakowania należy przechowywać poza zasięgiem dzieci.
- Dzieci i zwierzęta nie powinny zbliżać się do pracującego lub stygnącego urządzenia. Łatwo dostępne elementy urządzenia mocno się nagrzewają.
- Jeśli urządzenie jest wyposażone w blokadę uruchomienia, zaleca się jej włączenie.
- Czyszczeniem i konserwacją nie mogą zajmować się dzieci bez nadzoru dorosłych.

1.2 Ogólne zasady bezpieczeństwa

- Urządzenie oraz jego nieosłonięte elementy nagrzewają się podczas pracy do wysokiej temperatury. Nie dotykać elementów grzejnych.
